



Автор: Дынбаева Салтанат Ивановна

Пән: Жаратылыстану

Сынып: 1-сынып

Бөлім: Жануарлар

Тақырып: Жануарлардың қандай түрлері болады?

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	Барлық оқушылар: жабайы жануарларды үй жануарларынан ажырата алу; Оқушылардың басым бөлігі: қоршаған әлемнің құбылыстарын, үдерістерін және нысандарын зерттеу қажеттілігін түсіндіру. Кейбір оқушылар: жаңа сабақта алған білімдерін өмірде қолданады.
Сабақтың мақсаты:	1.2.2.2 жабайы және үй жануарларын ажырату; 1.2.2.3 жыл мезгілдерінің ауысуына жануарлардың бейімделуін дайындығын түсіндіру
Тілдік мақсаттар:	3 тілде жануарлар атауларын айту
Күтілетін нәтиже:	Оқушылар: үй және жабайы жануарлардың кейбір түрлері- мен танысады; жабайы жануарлардың үй жануарларынан қан- дай ерекшелігі бар екенін түсінеді; үй жануарларының тұратын жерінен сиырқора- мен, атқорамен, түйеқорамен, қойқорамен, ит- тің үйшігімен танысады; жануарларды қалай күту керектігін білетін болады; бақылау нәтижелерін жазуға дағдыланады
Бағалау критерийлері:	әр тапсырмаға деңгейіне сай бағаланады
Құндылықтарды дарыту:	жануарларды қорғау

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	Қолдарыңды көтеріңдер – бір дейік. Көп отырып, қатты шаршап жүрмейік. Қолды создық, басты бұрдық – екі деп, Қозғалыспен әрбір адам жетіледі. Алға, артқа қарадық та – үш дедік. Тағы жаңа жаттығулар істедік. Түсірейік қолды төрт пен бесті айтып, Отырайық көңілді енді марқайтып. /Б.Бөрібаев/ – Балалар, бір-біріміздің қолымыздан ұста топқа бөлу- жануарлардың суреттері арқылы 1 топ- жабайы аңдар 2 топ үй жануарлары Сендер бұл жануарды білесіңдер ме? Қазақстанның қандай жануарларын білесіңдер? жүректің жылуын сезініп үйренген қандай тамаша, қандай қуаныш!	шеңбер

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы	<p>презентациямен жұмыс</p> <p>әр суреттегі бейнеленген жануар жайында қысқаша мәлімет алады ой алмасады</p> <p>Қай- сысы біздің өлкемізде тіршілік етеді?”</p> <p>қысқаша видео жазба</p> <p>Әлемде жануарлардың орасан көп түрі бар. Алғашында олардың барлығы жабайы болған, бірақ адам кейбірін қолға үйретті. Адамдар үй жануарларына қамқорлық көрсетеді. Қамқорлық көрсету дегеніміз — оларды қоректендіру, емдеу, қорасын салу, олардың ұрпақтарына қамқорлық көрсету болып табылады. Үй жануарлары үшін адам малқора соғады. Сиырға арналған малқора — сиырқора деп аталады. Бұл үлкен, жылы қора, онда су құюға арналған науа, жем салатын астау болады. Жылқыға арналған малқора атқора деп аталады. Бұл — ұзын ағаш қора, екі жағынан қашаларға</p> <p>Оқулықпен, дәптермен жұмыс</p>	<p>үй жануарлары, олардың қорасы, күтуге арналған құралдар бейнеленген үлестірмелі материалдар.</p>
Сабақтың соңы	<p>зерттеу жұмысы</p> <p>1 топ</p> <p>әр жануарды өзінің мекендейтін жеріне қондыр</p> <p>2 топ Енелері мен төлдерін қосу.</p> <p>3 топ Үй жануарларын ата. суретін сал</p> <p>олар қандай дыбыс шығарады,</p>	
Рефлексия	<p>бағдаршам әдісі</p> <p>бес саусақ әдісі</p>	